

«Ж.Мырзағалиев атындағы жалпы білім беретін мемлекеттік мекемесінің жанынан ашылған Жасұлан жазғы демалыс лагері» тәрбиешілерімен демалушылары арасында өткен «Екі жұлдыз» ән байқауының сценарийі.

Фанфары ойналады

(музыка ойналады, жүргізушілер ортаға шығады)

I жүргізуші: Армысыздар, құрметті ән сүйер қауым! «Екі жұлдыз» атты өнер байқауына хош келдіңіздер!

II жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті тәрбиеші апайлар, оқушылар демалушылар және өнер байқауының қатысушылары.

I жүргізуші: байқау Жасұлан жазғы демалыс лагерінде өтілуде. ***Байқаудың мақсаты:***

- Лагерь демалушыларына эстетикалық тәрбие беруді арттыру, тәрбиеші ұстаз бен демалушы арасындағы талғамдық құндылықтарға жету қабілеттерін қалыптастыру;
- Бірлікке, ұйымдастырушылыққа, патриоттыққа, өнерді бағалай білуге тәрбиелеу болып табылады.

II жүргізуші:

Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй, – дей келе байқаудың шарттарымен таныс болайық:

- ***Байқау II – кезеңнен тұрады***

I – кезең: «Балалық шақтың әндерін» орындау;

II – кезең: «Эстрадалық заманауи әндер» орындау;

- Байқауға қатысушылар байқаудың өту кезеңіне сай ән орындауы керек;
- Орындаушылар әнді орындау шеберлігі және әннің мағынасын барынша ашуға тырысуы тиіс;

I жүргізуші:

Қазақтың қасиетті даласында

Думанда ауыл-аймақ арасында

Қызықтап көрермендер жиналыпты,Қошемет көрсетуге баласына, – дей келе сіздердің қошеметтеріңізбен бүгінгі «Екі жұлдыз» атты өнер байқауына қатысушы жұптарды ортаға шақырайық.

(музыка әуенімен байқауға қатысушы жұптар ортаға шығады)

№ 1-жұп: 1топ тәрбиешісі:Қалаубайқызы Г және Жансейітқызы Зухраны шақырамыз.

№ 2- жұп:2топ тәрбиешісі:Ерғазықызы Анаргул жәнеМарал Асемай

№ 3-жұп: 3 топ тәрбиешісі:Нұрсұлтанқызы Әсемгүл –Ерланұлы Аршат

№ 4-жұп: 4 топ тәрбиешісі:..Айболатқызы Айдана –Тілек Серік

II- жүргізуші:

Әділқазы, ақ қазыға бір сәлем!

Әділдікке бас иеді күллі әлем.

Жүйрік озар сайыстарда неше бір,

Сарапқа сап әділдікпен шеше біл, - дей келе бүгінгі ән байқауына қатысып, өнерлерін көрсететін сайыскерлеріміздің әділ бағасын беретін әділқазылар алқаларымен таныс болайық.

1. Лагерь басшысы:Мәлікқызы Ақбөбек

2. Лагерь тәлімгері:Саюпова Гүлдана Абайқызы

I жүргізуші: Байқауға қатысатын жұптармен таныс болсақ, біз алғашқы жұпты сахна төріне шақырғанша байқауға қатысушы сайыскерлерімізді «Жұлдызды шайханаға» қошеметпен шығарып салайық.

II- жүргізуші:

Табады асыл сөзді ер данасы, Шығады білімдіден сөз сарасы.Салшы бір әсем әнге шарықтатып, Тыңдасын мына халық шабыттанып, - дей келе «Екі жұлдыз» атты өнер байқауымыздың I – кезеңі «Балалық шақтың әндері» орындау кезеңін бастаймыз.

I- жүргізуші:

Ұрпақпен өмір жолы жалғанады,

Көңілді күндер тусын алдан әлі

Ән - шашу әсем бимен, түрлі өнер,

Бүгінгі күн сіздерге арналады, - дей келе ортаға алғашқы жұбымыз 1 топ қатысушыларын шақырамыз. *Өнер көрсеткен өнерлі жұбымызға алғысымызды айтып жұлдызды шайханаға шығарып салайық!*

II- жүргізуші:

**Біздің халық өнерге мол, бай тегі,
Әнші деп те, күйші деп те айт оны.
Әнге сенің қанша икемің бар екен,
Тыңдап алып жалғастырсаң қайтеді – деп келесі жұбымыз 2 топ қатысушыларын шақырамыз.**

Өнер көрсеткен өнерлі жұбымызға алғысымызды айтып жұлдызды шайханаға шығарып салайық!

I- жүргізуші:

Ән әуені көгімізде самғайды,

Көңілдерді қуанышқа жалғайды

Ән мен бірге біз ұшамыз аспанда

Қанатымыз ешқашанда талмайды, - дей келе ортаға келесі жұбымыз 3 топ қатысушыларын шақырамыз. *Өнер көрсеткен өнерлі жұбымызға алғысымызды айтып жұлдызды шайханаға шығарып салайық!*

II- жүргізуші:

Талаптының айтқанын мен қостайын,

Бәріңізге жақсы бір ой тастайын.

"Ән көңілдің ажары" деген бар ғой.

Бұрынғының жолымен ән бастайын,-дей келе ортаға келесі жұбымыз 4 топ қатысушыларын шақырамыз. *Өнер көрсеткен өнерлі жұбымызға алғысымызды айтып жұлдызды шайханаға шығарып салайық!* .Әрбір топ қатысушылары өз өнерлерін ортаға салады.

I- жүргізуші: Осымен I – кезең «Балалық шақтың әндері» орындау кезеңі аяқталды. Әділқазылар алқалары I – кезең бойынша бағаларыңызды берсеңіздер. Жоғарғы бал 5 ұпай.

(әділқазылармен сұхбат)

I- жүргізуші:

Өнерпаздар жарысып сан-саналы,
Жиын десе, той десе жан салады.
Бүгінгі Екі жұлдыз» атты өнер байқауында,
Әуелеген әсем ән жолданады, -дей келе «Екі жұлдыз» атты өнер
байқауымыздың II – кезеңі «Эстрадалық заманауи әндер» орындау
кезеңін бастаймыз.

II- жүргізуші:

Қыз сұлу көрінеді өрнегімен,
Тізілтіп сөз маржанын тергенімен.
Жезтандай, бұлбұл даусын әнге қосса.

Әнші сұлу көрінер әніменен, - дей келе ортаға Iтоп қатысушыларын
сахна төріне шақырамыз.

*Өнер көрсеткен өнерлі жұбымызға алғысымызды айтып жұлдызды
шайханаға шығарып салайық!*

I- жүргізуші:

Құлпырған еліміздің ұл – қызымыз,
Әзірге үлпілдеген құндызымыз.
Арасын жер мен көктің бағындырар,
Ертеңгі жарқыраған жұлдызымыз, - дей келе келесі жұбымызды сахна
төріне шақырамыз.

*Өнер көрсеткен өнерлі жұбымызға алғысымызды айтып жұлдызды
шайханаға шығарып салайық!*

II- жүргізуші:

Музыка - ырғақ, нәзік әуен, асқақ үн.
Музыка - өзен, дала, аспан үн.
Ғұмыры жоқ ырғақтардан басқаның!
Кәне, әншілер, бас әуенге, қос әнге,
Шырқат биік тіршіліктің дастанын, -деп жеткізеді ақын апамыз Фариза
Оңғарсынова музыка өнеріне деген махаббатын. Ортаға келесі жұбымыз
3топ қатысушыларын сахна төріне шақырамыз.

*Өнер көрсеткен өнерлі жұбымызға алғысымызды айтып жұлдызды
шайханаға шығарып салайық!*

I- жүргізуші:

Біздерде ән кешіміз жалғасады,
Тамаша күй тартылып,ән салады.
Қошеметтеп,қол соғып отыралық,
Ұмыттарсыз күні бойғы шаршағанды, - дей келе ортаға келесі жұбымыз

4 топ қатысушыларын шақырамыз.Өнер көрсеткен өнерлі жұбымызға алғысымызды айтып жұлдызды шайханаға шығарып салайық!

II- жүргізуші:

**Өнер деген тамаша ғой, аңсағанда,
Басады ол демінді шаршағанда.
Қасиеттің киелісі - өнер деген,
Сыйлайды ол рахатын, барша жанға,- дей келе ортаға келесі
жұбымызды шақырамыз. Қарсы алайық.**

Өнер көрсеткен өнерлі жұбымызға алғысымызды айтып жұлдызды шайханаға шығарып салайық!

II- жүргізуші: Осымен «Екі жұлдыз» атты өнер байқауының«Эстрадалық заманауи әндер» орындау кезеңі де өз мәресіне жетті. Әділқазыларымыз екінші кезеңнің бағаларын берсеңіздер.

I жүргізуші:

Сұңқылдаған көмейі,Сыбызғының үніндей.Қалықтатып созғаны,

Сарыарқаның беліндей.Барша осынау қауымды

Әнімен залға сыйғызған- - дей келе ортаға «Екі жұлдыз» атты өнер байқауының барлық қатысушыларын қошеметпен сахына төріне шақырамыз.

II- жүргізуші: Бүгінгі байқауымызды қорытындылап сайыскерлерімізді марапаттау үшін сахна төріне қошеметпен әділ қазылар алқасын шақырамыз.

I жүргізуші: Жеңімпаздарды жеңісімен құттықтаймыз!

Келіп тамашалаған барша көрермен қауымға мың алғыс.

II- жүргізуші: Келесі «Екі жұлдыз» өнер байқауында кездескенше хош,сау болыңыздар.

Байқауға қатысушыларға сұрақ дайындау

Байқауға дайындықтарыңыз калай болып жатыр

1. Қалай ойлайсыз қай жұп мықты
2. Қарсыластарыңызға тілеріңіз.
3. Әділ қазылар қатал болады деп ойлайсыз ба?
4. Егер сіз әнші болсаңыз, кіммен дуэт айтар едіңіз?
5. Таңдау түссе сізге, қай эстрада әншісін тандар едіңіз?
6. Сізге қандай топ қандай әнші ұнайды?
7. Сіздердің сүйіп тыңдайтын әншілеріңіз кім?!
8. Қазақ эстрадасында сабырлы әнші кім?
9. Сізге қай әнші ұнайды?
- 10.Қай әншіні көп тыңдайсыздар?